

**Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 қарашадағы N 176 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 26 желтоқсанда N 10-5-172 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы N 319 қаулысымен

**Сноска. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012.12.14 N 319 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Кодексінің 18-бабының 2) тармақшасы мен 238-бабының 3-тармағына және "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесіне келісім беру туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 25 тамыздағы N 272 шешіміне сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **Ә. Ерсұлтановқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы ауданының әкімі*

*М. Ергешбаев*

Қармақшы ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 29 қарашадағы N 176  
қаулысына қосымша

**Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары**

## **лауазымдарының ТІЗБЕСІ**

### **1. Денсаулық сақтау мамандары лауазымдары:**

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары, оның ішінде медицина бөлімі жөніндегі;
- 2) бөлімше, станция, филиал, зертхана, орталық, бөлім басшысы;
- 3) дәріхана меңгерушісі, бөлімшесі меңгерушісі;
- 4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер, акушер, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, зертханашы, медициналық бике, медициналық статистик, медициналық зертханашы, провизор, психолог, рентген зертханашысы, мамандырылған медициналық бике, статистик, фармацевт, фельдшер (зертханашы).

### **2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:**

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары, оның ішінде орталық;
- 2) үйде әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі бөлімшесінің (орталығының) меңгерушісі,
- 3) мамандар (бас, аға), оның ішінде: инспектор, консультант (соның ішінде әлеуметтік жұмыс жөніндегі), күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

### **3. Білім беру мамандары лауазымдары:**

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 2) жалпы орта білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім берудің басқа да ұйымдарындағы директордың (бастықтың) ғылыми, оқу ісі, оқу - өндірістік, оқу - тәрбие, тәрбие жұмыстары, мектептердің, мектеп-интернаттардың жұмыстары жөніндегі орынбасары ;
- 3) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 4) әдістемелік кабинет басшысы;
- 5) интернат, оқу кабинеті меңгерушісі;
- 6) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы мұғалімдер, кітапханашы, жетекші, тәрбиеші, нұсқаушы, шебер, медициналық бике, әдістемеші, музыкалық жетекші, оқытушы, үйірме жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім педагогы, тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім, кеміс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог).

### **4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:**

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының о р ы н б а с а р ы ;

2) көркемдік жетекші;

3) кітапхана меңгерушісі, клуб меңгерушісі, көркемдеп қою, әдеби-драмалық, музыкалық бөлім меңгерушісі;

4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: аккомпаниатор, актер, әртіс, мұрағатшы, режиссердің ассистенті, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, дирижер, дыбыс режиссері, нұсқаушы, өнертанушы, концертмейстер, мәдени ұйымдастырушы, әдістемеші, музыкалық жетекші, қоюшы оператор, режиссердің көмекшісі, режиссер, қоюшы режиссер, солист, хореограф, хормейстер, сақтаушы (оның ішінде мұражайлардағы қорларды), барлық атаудағы суретшілер, экскурсовод.

#### **5. Спорт мамандарының лауазымдары:**

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының о р ы н б а с а р ы ;

2) филиал, кешен бөлімшесінің басшысы;

3) спорт клубының меңгерушісі;

4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер, нұсқаушы, шебер, медициналық бике, әдістемеші, психолог, жаттықтырушы, фельдшер.